

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№273

2018 жылғы 20 наурыз

**№28 Қобда сайлау округінен депутат
Х.Ж.Ілиясовтың депутаттық сауалы
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 21-1-бабына, облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы №195 шешімімен бекітілген Ақтөбе облыстық мәслихаты Регламентінің 4 Тарауына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімі, облыстық бюджеттік комиссияның төрағасы Б.М.Сапарбаевқа жолданған, №28 Қобда сайлау округінен депутат Х.Ж.Ілиясовтың депутаттық сауалы назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1–бабымен белгіленген мерзімде жауап ұсынуы үшін, «Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты» ММ (Т.В.Айтқалиев) депутаттық сауалды үш күндік мерзім ішінде жолдасын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. ОРАЛМАҒАНБЕТОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА